

**Т.Ессетов атындағы №264 мектеп-лицейінің «Мектепке жол» акциясы бойынша
атқарылған жұмыстың қорытынды**

Анықтамасы

Тамыз айы бойынша білім алушылардың жаңа оку жылына дайындық жұмыстарын жүргізді. «**Мектепке жол**» акциясы үйымдастырылды. Мектепке келіп түсken өтініштер көп болғанына қарамастан, барлығын қанагаттандыруға тырыстық. 2023-2024 оку жылы қарсаңында Т..Ессетов атындағы №264 мектеп-лицейінде 01 тамыз 30 қыркүйек аралығында "Мектепке жол" республикалық акциясы "Жақсылық жаса" ұранымен қарқынды жүзеге асырылды. Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы жайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Көмекке мұқтаж балалардың деректер базасы құрылды. Өткен оку жылы бойынша мектеп-лицейде жалпы саны 3988 оқушы білім алды. Көп балалы оқушылар саны-1714, өгей әке-31, өгей ана-5, жетім және ата-анасының қамкорлығынсыз қалған оқушы саны-13, ерекше білімді қажет ететін оқушылар-75, аз қамтамасыз етілген оқушылар саны-350.

Сонымен қатар, қайырымдылық көмек көрсетуге демеушілерді, әлеуметтік серіктестерді, мемлекеттік құрылымдарды тарту бойынша жұмыстар жүргізілді. Демеушілік көрсеткен «**Самұрық», «Ел Арай** » қайырымдылық қорына, Аманат партиясына алғысымызды айтамыз!





❖ Мемлекеттік білім беру үйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысының (08.08.2022 ж №554) 3-тармақ 4-бөліміне сәйкес **қаржылай көмек 40 567 теңге 425 отбасы, 778 оқушыға тағайындалды.**

❖

Әлеуметтік педагог:  М. Абдуллаева